

**Басқұдық селолық округі әкімінің 2009 жылғы 01 маусымдағы N 123 "Басқұдық селолық округінің әкімшілік-аумақтық құрылысына қарасты құрамдас бөліктеріне, көшелеріне атаулар беру және бұрынғы атауларын өзгерту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

Мұнайлы ауданының әкімдігі Басқұдық селолық округі әкімдігі аппаратының 2012 жылғы 21 желтоқсандағы N 336 шешімі. Маңғыстау облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 03 қаңтарда N 2188 тіркелді

**Р Қ А О е с к е р т п е с і .**

**Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы N 148 Заңының 37 бабының 3 тармағына, "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы N 2572 - XII Заңының 14 бабының 4) тармақшасына және 2012 жылғы 3 тамыздағы N 18 азаматтар конференциясының хаттамаларының негізінде Басқұдық селолық округінің ә к і м і **Ш Е Ш Т І :**

1. Басқұдық селолық округі әкімінің 2009 жылғы 01 маусымдағы N 123 "Басқұдық селолық округінің әкімшілік-аумақтық құрылысына қарасты құрамдас бөліктеріне, көшелеріне атаулар беру және бұрынғы атауларын өзгерту туралы" шешімінің ( нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізіміне N 11-7-54 болып енгізілген, 2009 жылғы 10 шілдедегі "Мұнайлы" газетінің N 27 (83) санында жарияланған) 1, 2-қосымшаларына мынадай өзгерістер енгізілсін:

Басқұдық селолық округіндегі "Болашақ" елді мекені - "Болашақ" тұрғын үй массиві, "Маржан" елді мекені - "Маржан" тұрғын үй массиві, "Рахат" елді мекені - "Рахат" тұрғын үй массиві және "Басқұдық" елді мекені - "Басқұдық" тұрғын үй массиві б о л ы п ө з г е р т і л с і н .

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау селолық округ әкімінің орынбасары М. Ж ұ м а б а е в қ а жү к т е л с і н .

3. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Селолық округ әкімі*

*Н. Қаржаубаев*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК